

Ольга Рыпакова «Бриллиант лигасында» екінші орынды иеленді

Лондон Олимпиадасының чемпионы, жерлесіміз Ольга Рыпакова Англияның Бирмингем қаласында жеңіл атлетикадан өткен коммерциялық «Бриллиант лигасының» 12-ші кезеңіне қатысып, екінші орынды жеңіп алды.

Қазақстанның жеңіл атлетика федерациясы таратқан ақпаратқа сенсек, Икан стадионында өткен спорттық жарыста Ольга Рыпакова ұзындықта үш қарғып секіруде соңғы мүмкіндігінде 14 метр 37 сантиметр ұзындықты бағындырды. Айта кетер жайт, бұл – Ольганиң Лондон Олимпиадасынан кейін жарыс алаңына бірінші рет шығуы. Ольга осы нәтижесімен 2 ұпайға ие болды.

– Лондон Олимпиадасындағы «алтыннан» кейін Ольга екі жылдай үлкен спорттан қол үзіп, үйінде отырды. Ал Бирмингемде ол сол ағылшын жеріндегі жеңісінен кейін бірінші рет жарыс жолына шықты. Сондықтан оның екінші орынға көтерілуін ете жақсы нәтиже деп бағалауға болады. Қазір Ольга биыл Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында өтетін Азиадаға дайындалуда, – дейді жеңіл атлетика федерациясы баспасөз қызметінің өкілі.

Бирмингемдегі жарыстың жеңімпазы болып 14 метр 52 сантиметр көрсеткішімен колумбиялық атлет Катерина

лық Йорисис Уррутія көтерілді. Оның көрсеткіші – 14 метр 14 сантиметр.

«Бриллиант лигасының» келесі 13-ші



Ибарген танылды. Лондон олимпиадасында Ольга Рыпакова дәл осы спортының алдын орап кеткен болатын. Ушінші орынға тағы бір колумбия-

кеңеңі Швейцарияның Цюрих қаласында өтеді.

Шығыс-Ақпарат